Бекітемін
Мектеп директоры **А.Ахметова**

«Ана көрікті қызымен, қызы жүрер ізімен!»

Ән: 3 «Ә» сынып . «Ана»

Қайырлы күн, аяулы аналар, ару қыздар! Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі 8 наурыз аналар мейрамымен құттықтаймыз. «Ана» - бұл қасиетті сөз,барлық тілде нәзік естіледі. Ана дегеніміз-әлемнің жан дүниесі,

бастауы мен таусылмайтын жалғасы.

Ана десем - алғыс алам халқымнан,

Ана десем- теңіз болам шалқыған.

Ана десем- ашылады қабағым,

Ана десем- әділдікті ұғамын!

Біз ғана емес,қадір тұтқан бабалар,

Аналардан туған небір даналар.

Ана деген-тіршіліктің тірегі.

Армысыздар,қасиетті аналар!

Құрметті аналар, бүгінгі «Ана көрікті қызымен, қызы жүрер ізімен» атты

сайысымызды сіздерге арнаймыз.Ортамызға сайыскерлерді шақырамыз.

Залға ән әуенімен сайыскерлер кіреді.

1 А –сынып – Анасы Өтеген Іңкәр
Қызы Ибадұлла Бегімсұлу

1 Ә- сынып – Анасы Абдикаримова Салтанат
Қызы Қайратқызы Кәусар

2 А- сынып – Анасы Избасарова Эльвира
Қызы Әмірбек Амира

2 Ә –сынып - Анасы Арзыкулова Айгуль
Қызы Ишенбайва Айлин

3 А –сынып – Анасы Жаппасбаева Ұлпан
Қызы Серік Бибіжан

4 А-сынып – Анасы Мусабаева Молдир
Алипбай Мумтаз

Жүргізуші: Қош келдіңіздер, құрметті сайыскерлер.

Қайсысы әнші, кім биші

Талабына қарайық

Кімдер зерек, кім жылдам

Таланттарын табайық.

Жүргізуші : Өнер сүйер қауым бүгінгі сайысымыз 4 кезеңнен тұрады.

1.«Сәлем – сөздің анасы» (өзін – өзі таныстыру 3- минут)

2. Ғылымсыз өмірдің мәні жоқ, өнерсіз өмірдің сәні жоқ. (Ән, би, мәнерлеп оқу, қойылым, қол өнер т.б.) ***Егер қол өнерлерін үйден алып келсе дәлелді видеороликтер болу керек*** -3 мин.

3. «Сұлулықтың сыры» (шаш үлгісі) (өрім немесе әдемі шаш үлгісі) 5-7 мин

4. «Кімнің ойы ұшқыр» (сұрақ – жауап)

Әділдікті ту еткен,парасатты жандар,

Білім мен өнерді бағалаңдар.

Сайыскерге әділ баға беретін,

Қадірлі қазылармен таныс болыңыздар!

1.

2.

3.

Әдеппенен, ізітпенен, танысуға, тайсалмастан сахнаға қыздар шықты. Олай болса, өзің – өзі таныстыру сайысын бастаймыз. (сайыскерлеріміз өздерін таныстырып болған соң, әділқазылар бағасын береді)

4 А-сынып – Анасы Мусабаева Молдир
Алипбай Мумтаз
3 А –сынып – Анасы Жаппасбаева Ұлпан
Қызы Серік Бибіжан

2 А- сынып – Анасы Избасарова Эльвира
Қызы Әмірбек Амира

2 Ә –сынып - Анасы Арзыкулова Айгуль
Қызы Ишенбайва Айлин

1 А –сынып – Анасы Өтеген Іңкәр
Қызы Ибадұлла Бегімсұлу

1 Ә- сынып – Анасы Абдикаримова Салтанат
Қызы Қайратқызы Кәусар

2 «Ә» сыныбының «Ана» туралы өлең шумақтар

Жүргізуші: Қазақ халқы өнерге бай екен.

Өнер деген мол қазына кең екен,

Би билеп,ән айтып жырлайтын

Өнерсіз қазақ кем де, кем екен, -келесі кезекті

«Өнерлі өрге жүзер» өнер көрсету кезеңіне береміз

4 А-сынып – Анасы Мусабаева Молдир
Алипбай Мумтаз
3 А –сынып – Анасы Жаппасбаева Ұлпан
Қызы Серік Бибіжан

2 А- сынып – Анасы Избасарова Эльвира
Қызы Әмірбек Амира

2 Ә –сынып - Анасы Арзыкулова Айгуль
Қызы Ишенбайва Айлин

1 А –сынып – Анасы Өтеген Іңкәр
Қызы Ибадұлла Бегімсұлу

1 Ә- сынып – Анасы Абдикаримова Салтанат
Қызы Қайратқызы Кәусар

Жүргізуші: Қыздарға әсемдік жарасады,

Ай көркі биіктетер аласаны

Көрікті сұлу, әсем сымбатына,

Бүкіл әлем тамсанып,қарасады.-деп ортаға сайыскерлерімізді шақырып «Сұлулықтың сыры» (шаш үлгісі) тамашалаймыз!


БИ : «Кошка» биі


Жүргізуші: Келесі кезең «Кімнің ойы ұшқыр» сұрақ-жауап кезеңі.

Жүргізуші: Әділ-қазылар өз шешімдерін шығарғанша мерекемізді одан әрі жалғастырамыз.

Ән: «Оқып біліп үйренеміз» 2 «А»

Би: «Сондайым бар еді»







Бекітемін
Мектеп директоры **А.Ахметова**

Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім

Күні	12.09.2025ж.	
Класс жетекші	Г.Умирсерикова	
Класс: 2 «А»	Қатысушылар саны: 20	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	«Отбасым бақыт мекенім»	
Сабақтың мақсаты:	Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орны ерекше екендігін түсіндіру; бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата-ана тәрбиесі, өнегесі және ата-ана баланың бас ұстазы екенін түсіндіру; отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қытынс қалыптастыру.	
Құндылықтарды дарыту	Талап. Дұрыс қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.	
Ресімдеу	Слайд, презентация	
Сабақтың барысы		


Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі	Бірінші болып оқушылар, олардың артынан дөңгеленіп ата – аналар отырғызылуы керек. Дөңгелек үстелдің ортасына өсірілген гүл қойылады. Оқушылар ішке кіріп келе жатқанда олардың біріне көк жапырақ, біріне сары жапырақ беріледі. Әдемі ой салар әуен қойылып, сол әуенмен ата – ана да, оқушылар да орнына отырады. Пайдаланған өсиет сөздер: Баланың жақсысы – қызық, жаманы күйік (Абай) Ата – бабасын сыйламау – азғындықтың белгісі (Пушкин) Кімде – кім ата – анасын разы еткен болса, ол қандай жақсы . Алла тағала оның өмірін ұзартады (Мың бір хадистен) Салынған талдың суреті пайдаланады. Кіріспе. Топқа бөліну./отбасы болу/ әуен арқылы/	Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер Әуен арқылы

	Топ ережесін құру. «Бір күнгі отбасылық өмір» қойылы Қадірменді ата – ана, “Баламның табанына кірген шөңге менің маңдайыма кірсін” деп әлпештеп отырған перзентінің мейірімсіз, қатыгез, жаман бала болғанын кім тілейді десіз? Бірақ бүгінгі күні ата – анасын құрметтейтін, олардың алдындағы перзентік парызын орындамайтын, өз айтқанымен жүргісі келетін балалардың бар екені шындық.		
Сабақ басы	“Тәрбие – отбасынан басталады” дейтін болсақ, біздің отбасындағы тәрбиеміз,қарым-қатынас мәдениеті қандай? Бүгінгі балаларымыз “махаббат майданында” жүрген қыздар мен жігіттер. Біреуі – біреуді ұнатып қалып жатса, біреуі — біреуге ұнап жатады. Бір – біріне ұнаған жастың ендігі арманы біз мына өмірде бірге болсақ екен, өмірдің ащысы мен тұщысын бірге көрсек екен деген ой туады, ал ол отбасын құру дейтін болсақ, сол отбасын құруға біздің жастарымыз дайын ба? Ал ата – ана, ертеңгі үміт күткен балаларымызбен сыйластығымыз, отбасындағы түсініктігі қандай? Бүгін сіздерді “Отбасы бақыты –ол…” деп аталатын дөңгелек үстелге пікірлесуге шақырамын.		презентация
Ортасы	Ендігі ойымызды осы тақырып төңірегінде топтастырып, әрі қарай жалғастырайық (оқушыларға да, ата – аналарға да мына ойларды жалғастыру беріледі) а) отбасы бақыты – ол…. ә) бақыт дегеніміз — ….. б) борыш дегеніміз-……. в) отбасы бақыты үшін мен……. г) келешектегі отбасымның бақыты үшін мен……	(осы кезде әуен қойылып, қатысушылардың әуенмен жұмыс істеуіне жағдай туғызу керек)	презентация

Соңы	Ата – ана, оқушы жауабынан соң қорытынды жасалып, “осы отбасы бақытын бұзатын қандай жағдайлар?” деген сұрақ тасталады. “Бүгінгі менің ойым” деп аталады. Оқушыларға мынадай сұрақтар жазылған парақтар таратылады: а) – ой, мама, қойызщы осы, сіз оны түсінбейсіз(осы сөздерді есту ата – анаға ауыр емес пе?) ә) отбасы бақыты кімның қолында(ананың, әкенің, балалардың) б) мұны дұрыс істеген жоқсың, сол үшін анаң ұрсып жатыр. Ұрысқаны үшін анаң кінәлі ме, дұрыс істемегенің үшін сен кінәлісі кім		презентация







Бекітемін
Мектеп директоры **К.Жумабекова**

«Ынтымағы жарасқан туған өлкем – Қазақстан»
1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған сынып сағаты
Мақсаты: Оқушыларға 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні туралы түсінік беру. Елдегі түрлі ұлт өкілдерінің достығы мен татулығын дәріптеу, оқушыларды бірлікке, ынтымаққа, өзара сыйластыққа және ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Туған елге деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге баулу.
Сынып сағатының барысы
Мұғалім:
Армысыздар, құрметті оқушылар!
Бүгінгі сынып сағатымыз еліміз үшін маңызды мерекелердің бірі – **1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне** арналады.
Қазақстан – түрлі ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқан бейбіт ел. Біздің ең басты байлығымыз – достық, бірлік және ынтымақ.
«Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген дана халқымыз. Сондықтан әрқайсымыз достықты бағалап, бір-бірімізді сыйлап, қолдау көрсетуіміз қажет.

«Бірлік дегенді қалай түсінеміз?»
Мұғалім:
Балалар, «бірлік», «достық», «ынтымақ» деген сөздерді қалай түсінесіңдер?
Оқушылар өз ойларын ортаға салады.
Оқушылардың жауаптары:
- Бірлік – адамдардың тату болуы.
- Достық – бір-біріне көмектесу.
- Ынтымақ – бірге жұмыс жасау.
- Татулық – бір-бірін сыйлау.

Мұғалім:
Дұрыс айтасыңдар! Бірлік – еліміздің берекесі мен тыныштығының негізі.

«Қазақстан – достық мекені»
Қазақстанда көптеген ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүреді. Әр халықтың өз мәдениеті, салт-дәстүрі, ұлттық өнері бар. Біз сол ерекшеліктерді құрметтей отырып, ортақ Отанымыз – Қазақстанды бірге көркейтеміз.
1-оқушы:
Бірлік болса елімде, Бақыт тұрар төрімде. Татулықтың арқасы, Қуаныш бар көңілде.
2-оқушы:
Қазақстан – туған жер, Бірлікпенен жайнаған. Достық деген ұлы күш, Ел жүрегін байлаған.
3-оқушы:
Бір шаңырақ астында, Тату-тәтті тұрамыз. Қазақстан елімді, Мәңгі мақтан тұтамыз!
4-оқушы:
Достық, бірлік – ұраным, Туған елім – тұрағым. Бейбіт күнде білім алып, Жарқын болсын болашағым!

«Достық шеңбері» ойыны
Оқушылар шеңбер болып тұрады.
Әр оқушы жанындағы досына жақсы тілегін айтады:
- Досым, саған қуаныш тілеймін!
- Денің сау болсын!
- Сабақта озат бол!
- Әрқашан күлімдеп жүр!
- Достығымыз берік болсын!

Мұғалім:
Көрдіңдер ме, балалар? Жақсы сөз айту, бір-бірімізге көмектесу, сыйластық таныту – достықтың белгісі.

«Мақал – сөздің мәйегі»
Оқушылар бірлік пен достық туралы мақал-мәтелдер айтады.


- **Бірлік бар жерде – тірлік бар.**
- **Ырыс алды – ынтымақ.**
- **Бірлік болмай, тірлік болмас.**
- **Досы көпті жау алмайды.**
- **Татулық – табылмас бақыт.**

Мұғалім мақалдардың мағынасын оқушылармен бірге талқылайды.

«Бірлік – біздің күшіміз» шығармашылық тапсырмасы
Оқушыларға түрлі түсті қағаздан жүрекшелер таратылады. Әр оқушы жүрекшеге Қазақстанға, достарына немесе сыныптастарына арналған жақсы тілегін жазады.
Мысалы:
«Қазақстанымыз гүлдене берсін!» «Елімізде тыныштық болсын!» «Достығымыз мәңгі болсын!» «Әр шаңыраққа бақыт келсін!»
Жүрекшелерден **«Достық ағашы»** жасалады.

Патриоттық ән
Оқушылар Отан, туған жер, достық туралы ән орындайды.
Мұғалім:
Ән арқылы біз туған елге деген сүйіспеншілігімізді білдіреміз. Қазақстанымыз әрдайым бейбітшілік пен татулықтың мекені болсын!







Бекітемін
Мектеп директоры **А.Ахметова**

«Бастауыш – білім шыңына бастар алғашқы баспалдақ» апталығы аясында
«ТОЛАҒАЙ» ЭСТАФЕТАЛЫҚ САЙЫСЫ

Қатысушылар: 4-сынып оқушылары
Ұйымдастырушы: Д. Әзілхан
Сайыстың мақсаты: Оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, дене шынықтыруға қызығушылығын арттыру, шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа және достыққа тәрбиелеу.
Қажетті құралдар:
Доптар, шығыршықтар, кеглилер, жалаушалар, арқан, себеттер, марапаттау дипломдары.
Сайыстың барысы
I. Ашылу бөлімі
Көңілді әуен ойнап тұрады. Оқушылар спорттық киіммен залға немесе спорт алаңына шығады.
Жүргізуші:
Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар және спорт сүйер қауым!
Бүгінгі спорттық мерекеміз **«Бастауыш – білім шыңына бастар алғашқы баспалдақ»** апталығы аясында ұйымдастырылып отыр.
Спорт – денсаулық кепілі. Деніміз сау, рухымыз мықты болу үшін қимыл-қозғалыс пен белсенді өмір салтын ұстануымыз қажет.
Бүгін 4-сынып оқушылары арасында **«Толағай»** эстафеталық сайысы өтеді.
Ұраны:
«Шапшаң бол, епті бол,
Жеңіске бірге жетейік!»

II. Командаларды таныстыру
Жүргізуші:
Сайысымызға қатысатын командаларды ортаға шақырамыз!
1-команда – «Қыран»
Команда ұраны:
Биікте самғар қыранымыз,
Жеңіске жетер ұранымыз!
2-команда – «Тұлпар»
Команда ұраны:
Тұлпардай жүйрік боламыз,
Жарыста алға озып шығамыз!
Командалар сапқа тұрады.

III. Қазылар алқасын таныстыру
Жүргізуші:
Сайысымыздың әділ бағасын беретін қазылар алқасымен таныс болыңыздар.
Қазылар алқасы таныстырылады.
Жүргізуші:
Құрметті қазылар, командаларға сәттілік тілейміз!

IV. САЙЫС КЕЗЕҢДЕРІ
1-эстафета – «Жүйрік бол»
Әр команданың бірінші ойыншысы белгіленген жерге дейін жүгіріп барып, кері қайтады да, келесі ойыншыға эстафетаны береді.

Жүргізуші:
Алғашқы сайысымыз – шапшаңдықты сынайтын **«Жүйрік бол!»**
Дайынбыз ба?
Балалар:
Дайынбыз!
Жүргізуші:
Онда бастаймыз!

2-эстафета – «Допты алып жүр»
Оқушылар допты кедергілер арасымен алып өтіп, белгіленген жерге барып, кері қайтады.
Жүргізуші:
Допты игеру – ептілікті қажет етеді. Кімнің командасы шапшаң әрі мұқият екенін қазір көреміз!

3-эстафета – «Кедергілерден өт»
Оқушылар кедергілер арасынан жүгіріп өтіп, белгіленген нүктені айналып қайтады.
Жүргізуші:
Кедергілерден қорықпай, алға ұмтылайық!
Ұран:
«Бір, екі, үш – алға түс!»

4-эстафета – «Қаппен секіру»
Әр қатысушы қапқа кіріп, белгіленген жерге дейін секіріп барып, кері қайтады.
Жүргізуші:
Келесі сайысымыз көңілді әрі қызықты болмақ. Қатысушыларға сәттілік!

5-эстафета – «Толағай»
Бұл кезеңде оқушылар «Толағай» ертегісіндегі күшті әрі батыл кейіпкер секілді ептілігін көрсетеді.
Қатысушы белгіленген затты көтеріп немесе алып, кедергілерден өтіп, өз командасына жеткізеді.
Жүргізуші:
Толағай сияқты батыл, күшті, епті болайық!
Барлығы:
«Толағайдай алып бол,
Жеңіс үшін жарыс!»

6-эстафета – «Арқан тартыс»
Екі команда арқанның екі жағына тұрып, белгі бойынша арқан тартады.
Жүргізуші:
Бұл сайыста күшпен қатар ұйымшылдық та маңызды. Бірлік бар жерде – жеңіс бар!
Барлығы:
«Бірлік! Достық! Жеңіс!»

V. КӨҢІЛДІ ҮЗІЛІС
Жүргізуші:
Спортшыларымыз аздап тынығып алсын. Ендеше, көрермендермен бірге көңілді қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайық!
Көңілді әуенмен қысқа сергіту жаттығуы ұйымдастырылады.

VI. «ЖЕҢІСКЕ БІР ҚАДАМ» ҚОРЫТЫНДЫ ЭСТАФЕТАСЫ

Әр командадан барлық қатысушылар кезекпен жүгіріп, белгіленген тапсырмаларды орындап шығады.

Жүргізуші:

Міне, ең шешуші сәт те келіп жетті!

Бар күшімізді жинап, соңғы сайысқа дайындалайық!

Балалар:

Алға! Алға! Алға!

Қорытынды эстафета өтеді.

VII. ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізуші:

Осымен бүгінгі **«Толағай»** эстафеталық сайысымыз өз мәресіне жетті.

Бүгін әрбір оқушы өз шапшаңдығын, ептілігін, ұйымшылдығын және жеңіске деген құлшынысын көрсете білді.

Жеңіс – тек бірінші орын емес. Жеңіс – өзіңді сынау, достарыңа қолдау көрсету, команда үшін күресу және спортпен айналысу!

VIII. МАРАПАТТАУ

Қазылар алқасы қорытынды ұпайларды жариялайды.

Жүргізуші:

Сайыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды.

- **I орын – _____ командасы**
- **II орын – _____ командасы**
- **III орын – _____ командасы**

Сонымен қатар ерекше белсенділік танытқан оқушылар:

- «Ең шапшаң ойыншы»;
- «Ең епті ойыншы»;
- «Ең ұйымшыл команда»;
- «Жеңіске деген жігері үшін»

номинацияларымен марапатталады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы дипломдар табысталады.

IX. ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жүргізуші:

Спорт – денсаулықтың кепілі, ал достық пен ұйымшылдық – жеңістің негізі.

Бүгінгі сайысқа белсенді қатысқан барлық оқушыларға алғыс білдіреміз!

Дендерің сау, көңілдерің көтеріңкі, қадамдарың нық болсын!

Барлығы бірге:

«Салауатты өмір салтын қолдаймыз!

Спортпен дос боламыз!

Жеңіске бірге жетеміз!»

